

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Рыскалиев Саят Нурболатовичтің «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>Докторант Рыскалиев Саят Нурболатовичтің «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының бірқатар заңдық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p><i>Атап айтқанда:</i></p> <ul style="list-style-type: none">- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». Ақ Орда 27.07.2007 ж., № 319-III ҚРЗ. Астана (соңғы өзгертулер мен толықтырулар 23.02.2024 ж.).- Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы Заңы», 3 шілде 2014 ж., № 228-V ҚРЗ. (жағдай бойынша 23.02.2024 ж., өзгерістер және толықтырулар).- Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы.- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын

		<p>бекіту туралы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.</p> <p>- «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ (соңғы өзгертулер мен толықтырулар 01.07.2023).</p>
	<p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p>	<p>Диссертация мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. Болашақта гранттық қаржыландыру бойынша сайысқа ұсынуға болады.</p>
	<p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылы бекітілген 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыты, атап айтқанда «1.4. Педагогтердің біліктілігін арттыру мәселелерін зерттеу» бағытына сәйкес келеді.</p>

2	Ғылыми маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы толықтай ашылған.</p> <p>Себебі докторант қол жеткізген нәтижесін толығымен негіздеген: -болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, экономикалық және арнайы әдістемелік ғылыми дереккөздер теориялық тұрғыда негізделген.</p> <p>- «Басқару», «басқарушылық құзыреттілік», «болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұнын нақтылау мақсатында заманауи ғылыми зерттеулер мен әдебиеттердің мазмұнын талданған.</p> <p>-болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленіп, ғылыми тұрғыда негізделген.</p> <p>-болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі әзірленген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары.</u>	<p>Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары екендігі зерттеу барысында алынған нәтижелерден, ғылыми мақалалар жазу арқылы ғылымға қосқан үлесімен анықталды.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u>	<p>Диссертация өзектілігі негізделген. Ұсынылып отырған жұмыстың зерттеу пәні нәтижесінде Қазақстан Республикасында «Дене шынықтыру және спорт» саласында болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы</p>

		тұңғыш жұмыстардың бірі, сол себепті теориялық және тәжірибелік тұрғыда жұмыстың өзектілігі айқын.
	4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u>	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жұмыста зерттеу процесінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Осыған орай диссертация тақырыбына сәйкес зерттеу жүргізу мүмкіндігі жоғары болған. Сондықтан диссертация мазмұны диссертация тақырыбын үйлесіммен, толымды айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u>	Диссертация тақырыбы мен зерттеу мақсаты арасындағы өзара шарттастық айқын көрінеді. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты зерттеудің әдіснамалық аппаратының қисындылығын, тарау мен тарауша тақырыптарындағы зерттеу өрісіндегі әр аспектілердің өзара байланыстылығын, зерттеу нәтижелерінің бейнелерін нақты көрсетеді. Зерттеу міндеттері зерттеу мақсатына жетудің нақты алгоритмін анықтайды.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u>	Диссертациялық жұмыстың барлық үш тарауы бір-бірімен логикалық түрде байланыста жазылған және ішкі бірлігі сақталған.
	4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар,	Зерттеу проблемасының бұрын белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық тұрғыдан

		әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u>	бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Алынған нәтижелер автордың негізгі әдіснамалық ұстанымдарды дұрыс таңдауын; зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және болжамына сәйкес келетін бір- бірін толықтыратын зерттеу әдістерін қолдануын көрсетеді. Зерттеудің идеясы болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі болашақ кәсіби іс – әрекетінде тиімді пайдаланатын маңызды сапалар (мінез-құлықтың өзіндік үлгісі ретінде өзін-өзі анықтау, шығармашылық, рефлексия) болашақ қоғамдық орта қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1.Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп даярланған. Себебі ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа болуымен</i> ерекшеленеді. Нақтыласақ: -болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды; - «басқарушылық құзыреттілік», «болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны нақтыланды. -болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі, әзірленді. - авторлық әдістеменің тиімділігін тексеру мақсатында жүргізілген педагогикалық экспериментпен негізделі,

			алынған нәтижелер сандық және сапалық көрсеткіштермен дәлелденді.
		5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Диссертацияның тұжырымдары <u>толығымен жаңа.</u> Зерттеуде орын алған теориялық тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындары болашақ маман даярлау процесінде қолдана алады.
		5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа.</u> Бұл педагогикалық, психологиялық эксперименттік жұмыстар нәтижесімен, әдістеме нәтижесімен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative reserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемерде негізделіп, диссертант негізгі нәтижелерін 21 ғылыми жұмыста жариялаған және авторлық құқықпен қорғалатын 2 куәлік алынған. Соның ішінде 7 мақала ҚР ҒЖБ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 7 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған, 4 оқу-әдістемелік құрал жарыққа шығарылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1. Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме?	7.1. Қорғауға ұсынылатын барлық негізгі қағидаттар теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерімен <i>дәлелденген.</i>

		<p>1) дәлелденді; 7.2. Тривиалды ма? 2) <u>жоқ.</u> 7.3. Жаңа ма? 1) <u>ия;</u> 7.4. Қолдану деңгейі: 3) <u>кең.</u> 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия;</u></p>	<p>7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан <i>тривиалды емес.</i> 7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дене шынықтыру және спорт ғылымының өрісінде жаңа әдіснамалық негіздермен, теориялық сыни талдау тұрғысымен, эмпирикалық зерттеу жолдарымен ерекшеленген, <i>жаңа болады.</i> 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған заманауи педагогикалық технологиялар мен оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға, психологиялық тренингтер мен кешенді бағдарлама жасалып, қалыптастыруға мүмкіндік беретіндіктен олардың қолдану деңгейлері <i>кең.</i> 7.5. Авторлық статус диссертация мен жарияланған ғылыми еңбектер мазмұнынан анықталады. Осыған байланысты мақалалар, оқу әдістемелік құралдар деңгейінде де қағидаттық тұжырымдар жасалып, дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен қсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1.Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия;</u>	<p>Әдістеменің таңдауы диссертация мазмұнында негізделген және әдістемелік деңгейде әдіснама нақты жүзеге асырылған. Әр әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу мәселесінің теориялық негіздері нақты айқындалған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалардың (жүйелік тұғыр, іс – әрекеттік, тұлғаға – бағдарланған, құзыреттілік, құндылық- бағдарлы тұғыр және субъектілік</p>

			<p>қағидаты, дербестік, проблемалық, кәсіби бағдарлау, диалогтық қағидасы) жиынтығы болып табылады.</p>
		<p>8.2.Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологиялар мен қолданбалы бағдарламаларды теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістердің кешенін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері, соның ішінде Стюдент t-критерийін қолдана отырып, нәтижелерді салыстыру, өңдеу жүзеге асырылған. Алынған ғылыми нәтижелер мен мәліметтер цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.</p>
		<p>8.3.Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Диссертация мазмұнындағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми әдіснамалық мәдениет тұрғысынан тексеріліп, <i>дәлелденген және расталған</i>. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.</p>

		1) <u>ия</u> ;	
		8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған</u> .	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді әдебиеттерге тиісті сілтемелер арқылы расталады.
		8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз.	Ізденуші зерттеуде 220 әдебиеттер тізіміне сілтеме жасаған. Диссертант пайдаланған әдебиет көздері өзекті және зерттеу тақырыбын ашады, бұл мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды, зерттеу әдіснамасын салыстыруға жағдай туғызады.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, себебі докторант болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, экономикалық және арнайы әдістемелік ғылыми дереккөздерге талдау жүргізе отырып, аталмыш саладағы шетелдік және отандық ғылыми түсініктердің ерекшеліктерін ажыратып бергендігін айтуға болады.
		9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Ия, диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің практикалық құндылығы болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған авторлық элективті курсты практикаға енгізуден; жоғары оқу орындарының білім беру үдерісін электронды оқулық, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуден көрініс табады.

			Зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарында, колледждерде қолданыстағы оқу жоспарлары мен даярлау бағдарламаларын жаңғырту кезінде, сондай-ақ білім беру мекемелері педагогтерінің кәсіби және ғылыми біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға болады.
		<p>9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеудегі практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері негізінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттеріне арналған «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» таңдау курсы, оның құрамын түзуші дәріс (30 сағат), семинар (15 сағат), студенттердің өзіндік жұмысы (45 сағат), оқытушы басқаруымен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмыстары (45 сағат), «Басқарушы мектебі» клубының бағдарламасы, «Білім беру мен спорт жүйесіндегі басқару: құрылымды-логикалық сызба, сурет, кесте түрінде» атты қазақ және орыс тілдеріндегі оқу-әдістемелік құралы мен «Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі» оқу-әдістемелік құралы, «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электрондық оқулық, электронды оқулықта берілген 8 (сегіз) тақырыпқа сәйкес келетін: миға шабуыл, дәріс, сызба, студенттің өзіндік жұмысына тапсырма және онлайн тест, осы тұста аталмыш әдістемелер жоғары оқу орнының оқыту процесінде кеңінен қолдануға болады.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары;</u></p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары.</p> <p>Жазу және рәсімдеу сапасы талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты ғылыми</p>

		тілде жазылуы академиялық жазу сапасының жоғары деңгейін көрсетеді.
--	--	---

(PhD) философия докторы беру мүмкіндігі туралы қорытынды:

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Рыскалиев Саят Нурболатовичтің «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторы Рыскалиев Саят Нурболатовичті 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

PhD докторы, Алматы гуманитарлық - экономикалық университеті



Садирбекова Д.К.

18.06.2024 ж.

